



**Автор:** Қожақова Шынасыл Даулетиярқызы  
**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау  
**Тақырып:** Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.1.1 нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды.Түсініктерін жазбаша эссе, ой-толғау түрінде көрсетеді. Көптеген оқушылар: өздерінің жауаптарын нақтылау үшін өмірден мысалдар келтіреді; оқулықта берілген ақпараттарды қолданады. Кейбір оқушылар: Глобус пен карталардың қолдану аясын талқылап, олардан негізгі нысандарды көрсетуді үйренеді. Меридиан, параллель ұғымдарын түсініп, глобустан таба білу дағдылары қалыптасады.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Оқушылар: • адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерін талдайды; • табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды, • глобус, параллель, меридиан туралы түсіндіре алады.
Күтілетін нәтиже:	нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды, • глобус, параллель, меридиан туралы түсіндіре алады.
Бағалау критерийлері:	адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерін талдайды; • табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; •
Құндылықтарды дарыту:	Терминология: • шаруашылық іс-әрекет; • табиғи апаттар; • нысандар, бағдарлау; • глобус, параллель, меридиан. Талқылауға арналған сұрақтар: • Табиғи құбылыстар адамның іс-әрекеті мен шаруашылығына қалай әсер етеді? • Табиғи апаттардың болу себептерін түсіндір. • Ұсынылған аймақта қандай табиғи апаттар туындау ықтималдығы бар? • Параллельдер мен меридиандар не үшін керек? Жазуға арналған кеңестер: • Қоршаған ортаны қорғаудағы менің көзқарасым» тақырыбында шығармашылық көрме ұйымдастыру. • «Жер-ана» тақырыбына шығарма жазу. • «Табиғатқа мен қалай көмектесемін» тақырыбында эссе жазу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Оқушыларқоршаған орта туралы біршама түсініктермен 4- сыныптың «Табиғи құбылыстар» тарауында оқып танысқан.Табиғи жағдайлар,климат, жер бедері ерекшеліктері, олардың адамның шаруашылығындағы маңызы туралы біледі. Картамен жұмыс жасау дағдылары қалыптасқан. Жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтап, бағалай алады.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру «Әсерлерімізбен бөлісейік» жылулық шеңбері Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,appaқ бұлттарды көріп,құстардың сайраған әнін,судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді ұсынады. Жыл мезгілдері 4 жыл мезгілдерінің суреттері жасырын қойылады, Әр оқушы бір-бірден жасырын қағазды алады. Сурет бойынша топқа бөлінеді. Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсыр малары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>« Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні» стратегиясы. Көшпенділер үшін табиғат туған үйіндей болған. Олар жер жағдайын жақсы меңгергендіктен адаспай жол таба білген. Жылдың қай мезгілінде болмасын жол табу олар үшін еш қиындық туғызбаған. Өздерін табиғаттың бір бөлшегі санаған. Біздің бабаларымыз табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, оның сұлулығына сүйсіне білген. Олар көк майсалы далаға, тауларға, өзендер мен көлдерге қамқорлықпен қараған. Қиын кезеңдерде жан сақтау үшін табиғаттан тек керегін ғана алған. Бабаларымыздың табиғатқа деген қамқорлығы – біз үшін үлгі. Экологиялық проблема – бұл адамның табиғатқа жасаған іс-әрекеті салдарынан пайда болған қоршаған ортадағы қауіпті өзгерістер. Қоқыстарға байланысты проблеманы шешуге тырысып көрейік. Біз өмір бойы түрлі заттардың ортасында өмір сүреміз. Олардың біреулерін күтіп сақтаймыз да, келесі біреулерін ойланбастан лақтырып тастаймыз. Кез келген зат ерте ме, кеш пе, әйтеуір қоқысқа тасталады. Қоқыс көлемі іріқаланың әр тұрғынына шаққанда жылына шамамен бір тоннадан айналады. Бүгінде тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдалану мәселесі аса маңызды. Ондай жағдайда шикізат үнемделеді және қоршаған орта қоқыс алдықтармен ластанбайды.</p> <p>Дескрипторы: • адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерін талдайды; • табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды, • глобус, параллель, меридиан туралы түсіндіре алады.</p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары.
Сабақтың соңы	Кері байланыс парағы. «Бағдаршам» әдісі бойынша	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.